

# Ана - бақыт, ана - өмір, ана - шұл



## Аудан әкімі Маманбаев Ғалымжан Қанатұлының 8 наурыз – халықаралық әйелдер мерекесімен құттықтауы

Ардақты аналар, аяулы арулар!  
Баршаңызды көктемнің алғашқы жан жадыратар жаймашуақ мерекесі - 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын. Тіршілік тамырланып, шуағын шашқан бұл күн - жылылық пен сұлулықтың, мейірім мен махаббаттың мерекесі. Адамзат атаулының жүрегін жылылыққа бөлейтін ананың аялы алақаны іспеттес өзімен бірге өзгеше леп, сезім самалын ала келетін бұл мейрамның орны ерекше. Жыл мезгілдерінің ішінде көгілдір көктем тіршілік түлеуінің, табиғат түрленуінің бастауы болса, әйелдер қауымы әдеміліктің, ізгіліктің,

жылылықтың қайнар көзі сияқты.  
Бүгінгі күні әйелдер қоғамының барлық саласында да белсенділік көрсетуде. Олар саясаткер, кәсіпкер, ұстаз, дәрігер және қатардағы қарапайым еңбеккер ретінде қоғамдағы өз орындарын айқындап, қайталанбас қолтаңбаларын қалдыруда. Осынау қатарда ауданымыздың экономикасының ілгерілеуіне ерекше үлес қосып жүрген нәзікжандылар да баршылық. Әйелдер қауымының жасампаздық қасиеті мен күш-қуаты өңіріміздің ілгерілеуіне септігін тигізеді деп сенемін. Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке тілеймін!



# САРҚАН

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады • [www.sarkan-gazeta.kz](http://www.sarkan-gazeta.kz) • e-mail: [Igiman01@mail.ru](mailto:Igiman01@mail.ru) • №10 (9564) 8 наурыз 2024 ж.

## Жайнасын көрікті күн

Көктемді бүкіл әлем ұнатқан ба,  
Күн күліп айналама нұр сыйлады.  
Қар сіңіп, ашылды қыр, қыраттар да,  
Бәйшешек ғұмыры зая қылтиғаны.

Жылға боп жамырасып жетті көктем,  
Биіктен құлдилады төмен құлап.  
Самал леп сергітті де, өпті беттен,  
Думанға, құс үніне бөлелді бақ.

Көктемді тез келсе деп жанар талып,  
Алты ай қыс дала күтті мейірленіп.  
Кеткендей реңденіп, ажарланып,  
Наурызда әйел-ана пейілі кеңіп.

Маңайдан қаңтардағы арылды ызғар,  
Сезіндім шуақты анық, жылуды анық.  
Наурызда жас келіншек, ару қыздар,  
Жайнайды, жасарады сұлуланып.

Қыздарды жұпар иісті гүл ме дедім,  
Көз тартып көк белдерде жасанатын.  
Білгенге, сезінгенге бұл дегенің,  
Көктемнің қайталанбас шапағаты.

Жыл сайын өркен жайып, кемелденіп,  
Жаңғырып, жадыраймыз, жаңарамыз.  
Тәңіркөк мейірімімен мерейленіп,  
Бусанды, міне, тағы Жер – Анамыз.

Ертеңге, беу адамзат, құт тілерсің,  
Ертеңге ертегідей сеніп тұрмын.  
Мерекен, нәзік жандар, құтты болсын,  
Жайнасын, жарқырасын көрікті күн!

Жомарт ИГИМАН.



## Аруларға алғысын білдіргі

**Ж**ер жүзіне мейірімін, ізгілігін, жылылығын алып көктем мерекелері де келіп жетті. Көктемнің алғашқы күнімен тұспа-тұс келетін алғыс айту күні 2016 жылдан бері тойланып келеді. 1 наурыз Қазақ халқының дархан көңіліне өзге этнос өкілдерінің жария ықылас білдіру, алғыс айту күні болып белгіленген мереке аясында татулық, достық, ынтымақ сынды асыл құндылықтар дәріптеліп, азаматтарымыз бір-біріне ерекше ілтипат білдіреді.

Алғыс айту күнінде аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев «Жастар» саябағында қаламыздың тазалығына, жасыл желекпен көмкерілуіне жыл он екі ай ерен еңбек сіңіріп жүрген бір топ әйелдер қауымын мерекемен құттықтап, қызғалдақтар сыйлады. Шара барысын-

да Ғалымжан Қанатұлы өңіріміздің дамуына өз үлестерін қосып жүрген нәзік жандылардың айрықша еңбегін атап өтіп, алғысын білдірді. Өз кезегінде ала жаздай сүйікті қаламызды күл-қоқыстан тазалап, қысты күндері жаяу жүргіншілер жолын қардан аршитын нәзік жандылар

аудан басшысына дән ризашылықтарын білдірді.

Сарқан қалалық округі әкімшілігінің бас маманы Сарқыт Молдабекованың айтуынша дәл қазіргі күні 15 нәзік жанды аудан орталығының тұрғындарға барынша қолайлы болуына уақытпен санаспай еңбек етуде екен.

Аптап ыстық пен аязды боранға да қарамай көше бойлай қоқыс теріп, тротуарды сыпыратын, көпшілік жүретін жолдарды ақ қардан ада қылып, тазалықты қадағалайтын, осылайша ел алғысын аркалап жүрген осынау жандардың еңбектері расында да ерен.

Өз тілшіміз.



## АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫНЫҢ ПЛЕНУМЫ

Жуырда аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында аудандық «Ардагерлер ұйымының» IV-ші пленумы өтіп, аға буын өкілдері өткен жылды қорытындылап, болашаққа бағыт-бағдар белгіледі.

Келелі кездесуге аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев және Жетісу облыстық «Ардагерлер ұйымының» төрағасы Ермек Келемсейіт, аудандық мәслихаттың хатшысы Марат Разбеков, ауданының «Құрметті азаматтары», қала, ауылдық округтердің әкімдері

және халыққа қызмет көрсететін мемлекеттік мекеме, кәсіпорын басшылары қатысты.

Алқалы жиында алдымен өңіріміздегі ардагерлер кеңесінің төрағасы Қадыл Жанасбеков ауқымды баяндама жасады. Қадыл Тұрысбекұлының

сөзіне ұйым тарапынан өткен жылы атқарылған ілкімді істері және алдағы уақытқа белгіленген міндеттері арқау болды. Жарыссөз барысында бірқатар қатысушылар ойларын ортаға салып, пікірлерін білдірді. Кездесу аясында сөз алған аудан басшысы Ғалымжан Қанатұлы «Сіздер Тәуелсіз елімізді нығайтуға ат салысып, ерен еңбектеріңізбен елеулі үлес қоса отырып, мемлекет басшысының көреген де, салиқалы саясатына қолдау көрсетіп, ауданымыздың бірлігін нығайтуға зор еңбек етіп келесіздер. Көктемнің жылы шуағымен келетін "Алғыс айту" күні қарсаңында сіздерге зор алғысымды білдіргім келеді», - деді.

Жиын соңында бірқатар ардагерлер қауымы марапатталып, көпшілік алдында мерейлері тасыды.

Өз тілшіміз.



## Федерация президенті сайланады

**Құрметті Сарқан ауданының тұрғындары!**

2024 жылғы 15 наурыз, жұма күні барлық ауылдық округтерде тұрғындар жиыны болады. Жиында ауыл тұрғындары арасынан ауылдық футбол, волейбол, баскетбол федерациясының президенті сайланады. Сайланған федерациясының Президенті ауылдық футбол, баскетбол, волейбол спортының дамыту бойынша ауыл әкімінің кеңесшісі қызметін қоса атқарады.

Толық ақпаратты ауылдық округ әкімдігінен біле аласыздар.

Сондай-ақ ағымдағы жылдың 29 наурыз, жұма күні аудандық футбол, баскетбол, волейбол федерациясы президенті сайланады. Сайланған федерациясының президенттері облыстық футбол, баскетбол, волейбол федерациясының президентін сайлайды. Толық ақпаратты аудандық ішкі саясат бөлімі 2-18-82 нөмірі арқылы біле аласыздар.

## ЗАҢНАМАНЫ БҰЗҒАНЫ ҮШІН НҰСҚАМА ШЫҒАРЫЛДЫ

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті "Жетісугазсервис" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны тарапынан монополияға қарсы заңнаманың бұзылғанын анықтады.

Анықталған бұзушылықтар монополияға қарсы органмен келісілмеген, Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің нормаларына қайшы келетін қызмет түрлерін жүзеге асыруға қатысты.

Заңнамаға сәйкес, мемлекеттік кәсіпорындар, жарғылық капиталында акциялардың елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар өз қызметін кез келген кеңейту немесе өзгерту кезінде монополияға қарсы органнан келісім алу талап етіледі. Сондай-ақ, осы субъектілер жүзеге асыра алатын қызмет түрлерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітілуі тиіс. Алайда, «Жетісугазсервис» жүргізетін қызмет ҚР Үкіметі 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1095 қаулысымен белгіленген тізбеге сәйкес келмеді. Бұл бұзушылық Департаменттің жедел әрекет етуін талап етті.

Нәтижесінде Департамент монополияға қарсы заңнаманың анықталған бұзушылықтарын жою мақсатында «Жетісугазсервиске» нұсқама шығарды. Нұсқаманы кәсіпорын уақтылы орындады, бұл оның бәсекелестікті қорғау саласындағы қолданыстағы нормалар мен ережелерді сақтауға деген ұмтылысын көрсетеді.

## ВЫНЕСЕНО ПРЕДПИСАНИЕ ЗА НАРУШЕНИЕ АНТИМОНОПОЛЬНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА

В ходе регуляторной деятельности, Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан в Жетісу обнаружил нарушения антимонопольного законодательства со стороны государственного коммунального предприятия «ЖетісуГазСервис». Выявленные нарушения касаются осуществления видов деятельности, которые не были согласованы с антимонопольным органом, что противоречит нормам Предпринимательского кодекса Республики Казахстан.

По законодательству, при любом расширении или изменении деятельности государственных предприятиями или юридическими лицами, в уставном капитале которых более пятидесяти процентов акций принадлежит государству, требуется получение одобрения от антимонопольного органа. Также, виды деятельности, которые могут осуществляться данными субъектами, должны быть утверждены Правительством Республики Казахстан.

Однако деятельность, проводимая «ЖетісуГазСервисом», не соответствовала установленному перечню, одобренному Правительством РК постановлением от 28 декабря 2015 года №1095. Это нарушение потребовало немедленного реагирования со стороны Департамента.

В результате, Департамент вынес предписание «ЖетісуГазСервису» с целью устранения выявленных нарушений антимонопольного законодательства. Предписание было своевременно исполнено предприятием, что свидетельствует о его стремлении к соблюдению действующих норм и правил в сфере защиты конкуренции.

## АНАЛИЗ КОНКУРЕНТНОЙ СРЕДЫ НА РЫНКЕ ДОМОФОННОГО ОБСЛУЖИВАНИЯ В ТАЛДЫКОРГАНЕ

*Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу провел анализ конкуренции на рынке услуг по техническому обслуживанию домофонного оборудования в Талдықоргане.*

Анализ показал, что за период второго полугодия 2022 года и первых 8 месяцев 2023 года цена абонентской платы за обслуживание домофонов оставалась неизменной и составляла 300 тенге в месяц. Компании, оказывающие эти услуги, ограничили для потребителей возможность выбора поставщиков услуг, установив единую стоимость обслуживания. Это привело к поддержанию фиксированных цен и нарушению законодательства РК по защите конкуренции.

В результате Департаментом выявлены признаки согласованных действий этих компаний, запрещенных статьей 170 Предпринимательского кодекса Республики Казахстан, заключающихся в удержании цен на услуги.

В связи с этим, Департамент направил уведомление о нарушении антимонопольного законодательства, которые были исполнены субъектами рынка.

## СТОМАТОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕККЕ 1,1 МЛРД ТЕҢГЕ БАҒЫТТАУ ЖОСПАРЛАНУДА

Жетісу облысы тұрғындарының жеке келеген санаттары үшін шұғыл және жоспарлы стоматологиялық көмекті қаржыландыру 11%-ға – 2023 жылғы 973 млн - 2024 жылы 1,1 млрд-қа артты.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры сіздер үшін ең өзекті сұрақтарды жинақтап, оларға жауап бермекші.

**• МӘМС қаражаттары есебінен кім көмек ала алады?**

Стоматологиялық көмек жоспарлы және шұғыл тәртіпте 18 жасқа дейінгі балалар мен жүкті әйелдерге көрсетіледі.

Шұғыл тәртіпте азаматтардың жеке келеген санаттарына: ҰОС ардагерлеріне; 1, 2, 3 топтағы мүгедектері бар адамдар; атаулы әлеуметтік көмекті алушылар, жасы бойынша зейнеткерлер, инфекциялық, әлеуметтік мәні бар аурулармен және айналасындағылар үшін қауіп төндіретін аурулармен ауыратын науқастар, мүгедектері бар балаға күтім жасайтын және бала кезінен бірінші топтағы мүгедектері бар балаға күтім жасаушы жұмыс істемейтін адамдар, сондай-ақ «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көпбалалы аналар.

**• Жоспарлы стоматологиялық көмекке не кіреді?**

Жоспарлы стоматологиялық көмек – бұл ауыз қуысының, тіс пен қызыл иектің саулығын сақтау үшін операциялық емдеу болып табылады. Атап айтқанда, тұрақты тексерулер, профилактикалық процедуралар, тісжегіні емдеу, тіс өңезін және тіс тасын алу, химиялық қатайтылған композиттік материалдардан жасалған пломбаны дайындау және салу.

**• Шұғыл стоматологиялық көмекке не кіреді?**

Шұғыл стоматологиялық көмек

амбулаториялық деңгейде консультациялық-диагностикалық көмек түрінде де, стационарлық жағдайда да көрсетілуі мүмкін. Бұған күрделі тісжегіні, пульпитті, периодонтитті, альвеолитті, невралгияны, невритті, стоматиттің өткір түрлерін емдеу, күрделі тісті жұлу, абсцессті ашу, одонтогендік жылауықты алып тастау, жоғарғы-төменгі жақ буынының қисаюын түзету, тістердің бөлінуін уақытша бекіту, қатерсіз өсінділер мен эпюлисті алып тастау (жергілікті тітіркендіргіш факторлардың әсерінен пайда болатын ісік тәрізді өсінді). Еріннің, тілдің жүгеншігі пластикасының операциясы да МӘМС қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Егер тексеру нәтижелері бойынша тіс дәрігері амбулаториялық жағдайда көмек көрсету мүмкін емес деген объективті шешім қабылдаса, ол науқастан бас тартуға және оны жедел жәрдем арқылы ауруханаға жіберуге құқылы. Жедел госпитализацияның көрсеткіштері созылмалы одонтогенді және неонтогенді қабыну ауруларының жедел немесе өршуі немесе жақ-бет аймағының жарақаты, қан кету және шұғыл емдеуді қажет ететін шұғыл жағдайлар болып табылады.

**• Ортодонтиялық көмекті МӘМС жаба ала ма?**

Иә. ҚР «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңына сәйкес, ортодонтиялық көмек жақ-бет аумағының туа біткен патологиясы бар балаларға, тіс-жақ аномалияларының әртүрлі түрлері бар аз қамтылған отбасылардан шыққан 6 жасдан 12 жасқа дейінгі балаларға көрсетіледі. Атап айтқанда, жақ-бет аймағының туа біткен патологиясы бар балаларға, сондай-ақ ортодонтиялық алмалы-салмалы аппа-

ратты (ортодонтиялық пластина) пайдалана отырып, тіс-жақ ауытқуларын жою үшін аппаратты пайдалана отырып, сондай-ақ тіс-жақ ауытқуларының әртүрлі түрлері бар балаларға көрсетіледі.

**• Қандай стоматологиялық клиникаларда МӘМС әрекет етеді және емхананың учаскелік дәрігерінен жолдама қажет пе?**

Жоқ, емханадан жолдама талап етілмейді. Стоматологиялық көмекті емханалар жанындағы стоматологиялық кабинеттен де, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен шарт жасасқан жеке стоматологиялық клиникалардан да алуға болады. Өзекті тізбені Қордың [fms.kz](https://fms.kz) ресми сайтындағы «Медициналық қызметтерді сатып алу – ҚДҚ жеткізушілер» бөлімінен таба аласыздар <https://fms.kz/zakupki/postavshchiki-kdu-uslug/>. Сонымен қатар 1414 нөмірі бойынша Бірыңғай байланыс орталығына жүгінуге болады.

Айта кетейік, 1 ақпандағы жағдай бойынша МӘМС шеңберінде стоматологиялық көмек көрсететін 838 медициналық ұйыммен шарттар жасалды. Оның ішінде 519-ы – жекеменшік, 319-ы – мемлекеттік меншік нысаны, яғни емханалар мен ауруханалар.

**• Егер рентгенография өту қажет болса, тістерді емдеуден бұрын дәрілік аллергияны немесе анестезияны болдырмау үшін аллергиялық сынама жасау керек болса, ол үшін МӘМС-тен төленеді ме?**

Иә, егер бұл үшін медициналық көрсеткіш болса төленеді. Тіс дәрігерінен консультативтік парақ болған жағдайда тіркелген жері бойынша учаскелік дәрігер қосымша тексерулерге жолдама бере алады. МӘМС



шеңберінде аппликациялық, өткізгіштік, инфильтрациялық анестезия төленеді.

Тісжегінің көптеген асқынулары бар 4 жасқа дейінгі балаларға, сондай-ақ орталық жүйке жүйесінің функционалды және органикалық зақымданулары, психикалық, мінез-құлық бұзылыстары (белгіленген мүгедектік) және басқа органдар мен жүйелердің зақымдануы, асқынулар мен ауырсыну қаупі бар медициналық көрсеткіштер бойынша санация «анестезиология және реаниматология» кіші түрі бойынша медициналық қызметке лицензияға қосымшасы және реанимациялық іс-шараларға арналған жағдайлар қарастырылған стоматологиялық ұйымдарда жасалатынын білу маңызды.

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы.**

# Все об обязательном социальном медицинском страховании



ЕП оплачивают ИП и МСБ, работающие по упрощенной декларации или специальному налоговому режиму (для производителей сельскохозяйственной продукции).



**Единый платеж –** это объединение 5-ти платежей с заработной платы в один:

- обязательные пенсионные взносы (ОПВ)
- социальные отчисления (СО)
- взносы на обязательное социальное медицинское страхование (ВОСМС)
- отчисления на обязательное социальное медицинское страхование (ОСМС)
- индивидуальный подоходный налог (ИПН)



**Ставка Единого платежа в 2024 году составляет 21,5% от фонда оплаты труда**



## Освободим наш народ от коварного заболевания

Нужно всему населению запомнить, что туберкулез – это коварное, без каких признаков начинающая болезнь. Не своевременно выявленный уже в запущенной форме туберкулез, каждый день уносит жизни людей, которые считали себя здоровыми. Каждый гражданин обязан ежегодно проходить флюорографию грудной клетки. При каждом симптоме длительного кашля обратиться в лечебное учреждение.

На сегодняшний день, мы врачи, убеждаем вас всех, что ТУБЕРКУЛЕЗ-излечим! Это касается профилактики туберкулеза в детском, в подростковом и во взрослом возрасте. По району идет рост заболеваемости по туберкулезу, не только среди взрослого контингента, но заболели дети и подростки. Заболели эти дети, от родителей, от родственников, которые были больными и не приходили на обследование. Медицинские работники ежедневно ведут упорную работу по раннему выявлению больных людей. Они проводят подворные обходы, тем самым выявляют людей по 2-3 года не прошедших флюорографию грудной клетки, они создают угрозу обществу, распространяя туберкулез. Мы люди, способны контролировать это заболевание.

### Что входит в профилактику туберкулеза в детском возрасте?

Это вакцинация вакциной Бацилла Кальметта – Герена (БЦЖ) при рождении ребенка, проводится в первые 1-4 дня жизни новорожденному, в роддоме мероприятия проводятся в соответствии с Национальным календарем профилактических прививок вакцинации. Благодаря вакцинации на сегодняшнее время уменьшились, такие грозные формы заболевания как менингит, генерализованные формы. Если даже ребенок и заболел туберкулезом, это легкие, не запущенные формы туберкулеза. Вакцина Бацилла Кальметта – Герена (БЦЖ) является ослабленным штаммом микобактерий, которые в достаточной мере иммуногены, но у здоровых детей не обуславливают инфицирование. Многие родители ошибаются, думая, что ребенок от вакцинации заболел или какие-то реакции появляются.

Перед проведением вакцинации (БЦЖ), обязательно личный осмотр врача педиатра, он дает допуск-разрешение на вакцинацию. В организме ребенка вырабатывается специфический иммунитет против микобактерий туберкулеза. Для контроля состояния противотуберкулезного иммунитета и выявления момента первичного инфицирования, детям, проводят реакцию Манту, а также проба Диаскинтест (Аллерген туберкулезный

рекомбинантный), Квантофероновый тест.

Проба Манту, Диаскинтест основана на внутрикожном введении малых доз туберкулина с последующей оценкой аллергической реакции, возникшей на коже в месте введения. Эти препараты не содержат живых микроорганизмов и не влияют на весь организм в целом. После введения препарата в коже возникает специфическое воспаление, вызванное инфильтрацией кожи Т-лимфоцитами это специфические клетки крови, ответственные за клеточный иммунитет.

Если организм к моменту постановки проб уже «познакомился» с микобактериями туберкулеза, то воспалительные явления в месте введения будут интенсивнее и реакция Манту, Диаскинтест будут оценены врачом, как положительная реакция. Такие дети инфицированы микобактериями, их направляют в туберкулезный кабинет, где проводят дополнительные обследования и в случае подтверждения инфицирования назначают профилактическое лечение. Первичное инфицирование в детском возрасте более вероятно может привести к туберкулезу. Чтобы помочь организму справиться с этой инфекцией и не допустить развитие нового заболевания, необходимо при обнаружении первичного инфицирования, строго соблюдать все рекомендации врача фтизиопедиатра. Самый уязвимый контингент, это подростки 15-18 лет. Само слово «подросток», говорит о том, что идет бурное развитие организма за счет гормонов. Этим подросткам, ежегодно проводится флюорографическое обследование грудной клетки, где выявляют на ранней стадии локальную форму туберкулеза.

Медицина не стоит на месте. Кроме как, выявляем уже заболевших туберкулезом людей через флюорографию грудной клетки, мы выявляем раннее туберкулезное инфицирование организма т.е. латентную туберкулезную инфекцию.

Есть более современный тест для выявления латентной туберкулезной инфекции- Квантофероновый тест. Он не имеет противопоказаний, этот тест, делают



даже беременным, кормящим и всем, кто отказывается от р.Манту, от Диаскинтест т.к. берется внутривенно кровь на исследование. Если положительный результат, значит человек туб. инфицирован т.е. он еще не заболел, у него все предпосылки заболеть в будущем туберкулезом. Работа уже начата, ведется сейчас обследование всех людей бывших в контакте, с кем общался больной (семья, соседи, родственники: близкие, дальние, контакт по квартире, в школе, в коллективе, в лестничной площадке при проживании больного в благоустроенных домах, в гостинице и т.д) делаем тесты на выявление скрытой формы туберкулеза.

**Латентная туберкулезная инфекция протекает:** без клиники, без симптомов, рентгенограммы и все л.исследования в норме, но проба Манту (+) положительный; Диаскин тест (+) положительный; и дополнительный Квантофероновый тест (+) положительный проводится профилактическое лечение. Схемы лечения разные в зависимости от какого туберкулеза был контакт. Если после статьи, возникнут какие либо вопросы наши двери открыты.

Обращаемся ко всему населению давайте наконец объявим бой - туберкулезу! Сбережем молодое поколение, сохраним свое здоровье от заболевания туберкулезом.

Освободим наш народ от коварного заболевания, как туберкулез. Он победим! Здоровье дается один раз и нигде его не купишь.

**Р.АЛИЕВА,**  
врач фтизиопедиатр высшей категории ГКП на ПХВ «Сарканская районная больница».

### Вибрация - безопасность жизнедеятельности

**Вибрация** - это периодическое колебание материальной точки или точек, составляющих механическую систему. Чаще всего это гармоническое колебание. Вибрация может распространяться в твердых и жидких телах в виде волн. Вибрация по сути является звуковыми волнами, распространяющиеся в твердой и жидкой среде. При этом страдает в целом нервная система и анализаторы: вестибулярный, зрительный и тактильный. Человеческое тело- это сложная колебательная система. По интенсивности колебаний наиболее значительным является рельсовый транспорт. Значительные вибрации создают промышленные предприятия. Источниками вибрации является кузнечно-прессовое оборудование, внутризаводской и внутрицеховой транспорт. Часто вибрация связана с эксплуатацией лифта. Бич современности- локальная вибрация, которая действует на отдельные части организма (верхние конечности, плечевой пояс и сосуды сердца), которому подвергаются люди, работающие с ручным механизированным инструментом (отбойные молотки, перфораторы). Симптомы заболевания: снижение кожной чувствительности, отложение солей в суставах. Действие вибрации на организм человека зависит от мощности колебательного процесса, времени контакта, демпфирующих свойств тканей. Вибрационная патология стоит на втором месте (после пылевых) среди профессиональных заболеваний. В зависимости от характера работы вибрационная болезнь возникает через 8-15 лет. Мероприятия по предотвращению неблагоприятного влияния вибрации на организм работающих включают технические меры, введение оптимальных режимов труда, применение индивидуальных средств защиты, а также лечебно-профилактические мероприятия. На предприятиях должен быть налажен плано-предупредительный ремонт оборудования. Ручные машины, находящиеся в эксплуатации, не реже одного раза в 6 месяцев должны проверяться на соответствие их вибрационных параметров паспортным данным. Рабочие, подвергающиеся в процессе трудовой деятельности воздействию вибрации, подлежат предварительным и периодическим медицинским осмотрам. В целях профилактического лечения и отдыха работающих, в том числе и занятых на вибро опасных профессиях, на предприятиях должны быть организованы профилактории, кабинеты психологической разгрузки.

**Д.ОРДАБАЕВ,**  
ведущий специалист УСЭК Сарканского района.

**Исі қазаққа әйгілі Досай би Бәйгелұлы былай деген екен: «Бір баласы бардың шығар-шықпас жаны бар, екі баласы бардың болар-болмас халі бар, үш баласы бардың үш рулы елде малы бар, төрт баласы бардың төрт құбыласы тең болар, бес баласы бардың дес бермейтін жөні бар... тоғыз баласы бардың толғандырар жолы бар, он баласы бардың орда бұзар қолы бар». 40-тан асқан шағында дүниеге он бала әкеліп, тәрбиелеп, өсіріп, ардақты ана атанып отырған Жасия жары Бағдармен бірге өздеріне бір-бір бақыт сыйлаған сол балаларының жарқын болашағы үшін тер төге еңбек етуде.**



сы Жасия. Балаларын мектепке, жарын шаруаларына шығарып салып тұрып, әрбір ана сияқты Жасияның да Алладан тілейтіні – бала-шағасының саулығы, амандығы. Балаларының әр кездегі шаттанған жүздерін, сыңғырлаған күлкілерін көргеннен асқан бақыт жоқ шығар сіре. Жасияның қолы үйдің шаруасынан қалт ете қалса, балаларымен бірге тамылжыған көктемнен бастап есігінің алдындағы шағын жылыжайда өсірген көкөністердің өскіндерін өсірсе, қыздары базарға барып саудалайды. Қазіргі уақытта каспий дүкені арқылы онлайн тауар сатады, атап айтқанда тапсырыс алып, бүкіл облыс бойынша адамдардың қалаған заттарын жеткізіп отыр. Шамалы болса да отбасы табысының бір бөлігі сол ісінен түсіп тұрады. -2015 жылға дейін дүкен ашып Қытайдан тауар алдырып, қыз жасауы, көрпе-жастық сатып тіршілік жаса-



# Шұғылалы шаңырақ

Бұл отбасының тұңғышы Зағида Шымкент қаласына ұзатылып, өзінің шаңырағының іргесін құрап отырса, екінші қызы Роза Алматы қаласындағы қыздар университетінің 2 курс студенті, болашақ қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі. Одан кейінгілері Ұлжан, Ұлыхан, Айтөре, Жамбыл, Айғаным мектеп оқушылары. Егіздер Әл-Имран мен Ясин 3 жастан асып келе жатыр. Ал ең кенжесі биылғы жылдың ақпан айында дүниеге келген Ямин анасының қамқорлығында. Балалардың анасы Жасияның ең басты әрі маңызды міндеті қолындағы – ұл-қыздарын өсіріп, тәрбиелеу. Ал шаңырақтың иесі Бағдар Оразғали болса – шаруа адамы. Қыста азын-аулақ

малына қараса, жазда 30 тонналық Хова ауыр жүк көлігін тізгіндейді. Отағасының негізгі мамандығы дәнекерлеуші. Кейінгі жылдары денсаулығына байланысты жеңіл-желпі жұмыстарды атқарады. 2009 жылы Қытай халық республикасынан атамекенге оралған Бағдар ол мемлекетте де зауыт-фабрикаларда жұмыс істеген көрінеді.

-Атамекенге ұрпақ өрбітеміз, қазақтың санын көбейтеміз деп келдік. Сондықтан кейінгі жастарға, бауырларыма айтарым біз секілді көпбалалы отбасы болса деп тілеймін. Ең жақсысы ұрпағың арқылы өрісіңнің кеңейгені ғой. Өзім де баланы жақсы көремін, жұбайым екеуіміз көпбалалы отбасынан шыққанбыз. От-

басын құрғанда көпбалалы болсам деп армандағам, себебі көпбалалы отбасының мүшелері бір-біріне бауырмал болады, оған да міне қол жеткіздік,-дейді Бағдар Оразғали.

Қыз баланың жаңылыспай, жақсы ер жігітке тұрмысқа шығуы, ер жігіттің қолдау болар жақсы жар табуы өмірлік жеңіспен пара-пардай.

-Қыз күнімде менің болашақ жар, келін, ана ретінде өзіме қойған талабым, мақсатым да биік болды, осылайша, маған өмірлік серік болады деген жарым 19 жасында тұрмысқа шықтым. Содан бері, міне, бір-бірімізге демеу болып, он баланы дүниеге әкеліп, тату-тәтті тұрмыс кешіп келеміз, -дейді шаңырақтың отана-

дым. 2015 жылдан кейін бала тәрбиесі маңызды болғаннан кейін үйде отырмын. Балаларымызды екі жақтап, адалдыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеп келеміз. Бауырмал бала жаман болмайды. Қашанда ақыл-кеңесімізді айтудан жалықпаймыз,-дейді шаңырақтың отанасы.

Әңгіме арасында Жасия үйлеріне жиі-жиі қонақ келетінін де, сол кезде қыздары мен ұлдары қолғабыс тигізетінін де айтып өтті. Халқымыз «үйге қонақпен бірге несібе, ырыздық ере келеді, қонақ – құт» деп жатады. Бағдар мен Жасияның шаңырағын шуақты етіп тұрған балаларының болашағы баянды, бақытты болып, үлкен де үлгілі отбасының ырыздығы арта берсін деп тіледік.



жеке қаражатын жұмсап та үлгерді. Бүгінде оның жылыжайында қызыл, сары, қызғылт, ақ, түрлі түсті, пион тәріздес, шашақты және қос түсті қызғалдақтың сан алуан түрі көз қуантып, көңіл жадыратады.


- Мен неге осы өзімізде жақсы өсетін қызғалдақтарды алыстан әкелеміз деп ойладым. Оны сырттан тасымалдағаннан кейін ол гүлдің бағасына да, сапасына да айтарлықтай әсер етеді. Менің қызғалдақтарым еш жерде жатып қалған жоқ, ешқайдан әкелінген жоқ, бақшамда өсіп тұр, демек олардың гүл шоқтары да әлдеқайда ұзағырақ тұрады, - дейді Бауыржан Ізбасарұлы.

дан соң голландия қызғалдақтарының тамыр-түйіндерін сатып алдым, арнайы компания Алматыдан жеткізіп берді. Оның 14 түрлі сортының 30 мыңға жуық түбірін отырғыздым. Олардың 4-5-еуі ерте гүлдейтін сорт, қазірдің өзінде гүлдеп тұр. Гүлдерді технологиялық стандартқа сай сақтауға қоямын. Жылыжай жылы, сондықтан гүлдер жұмсақ, ал сабағы мен бүршігі қатты әрі серпінді болуы үшін оларды суықта ұстау керек. Сол үшін маған жазғы ас үйді жабдықтауға тура келді. Бұл да жеңіл болған жоқ. Көктемге қарай қызғалдақтарыма сұраныс болады деген үміттемін. Жалпы, гүлдерді өсіру, әсіресе жылыжай жағдайында күтіп-баптау ерекше күш-жігер мен қамқорлықты қажет етеді. Температура режимін сақтаумен қатар ылғалдылық деңгейі және басқа да көптеген сырт көзге ұсақ-түйек сияқты көрінгенімен маңызды факторлар бар. Мен гүл бизнесінің осы бүкіл ерекшеліктерін біртіндеп игердім, енді өнімімді сату үшін іскерлік байланыстар орнатуым керек, - дейді әлеуметтік желілердің мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып отырған кәсіпкер. Оның «Instagram» мен «Тик-Токта» @sarkand\_tulpan парақшалары бар.

Оның айтуынша, бұл - маусымдық жұмыс. Өзінің негізгі жұмысы бар болғандықтан, қысқы уақытты пайдалы әрі қызықты өткізу ниетімен осы істі қолға алып та үлгерді.

«Көп ойлана келе қызғалдақ өсіруді ұйғардым. Өзіме тиесілі бақшамның аумағында өз күшіммен жалпы ауданы - 110 шаршы метр жылыжай салдым. Со-

**Алғашқы рет қолға алып, гүл өсіріп отырған Бауыржанға жұбайы Рания көмектеседі. Егер өнімнің өтімі көңілдегідей әрі қолайлы болып, тұтыншылары еселенсе, онда ол келесі жылы қызғалдақ өсіруді жалғастырып, көлемін бірте-бірте 150 мың данаға жеткізбекші.**



**Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.**

## Қыс еркесі - қызғалдақ

**Қызғалдақтар – Наурыз мейрамының символы. Сәуір айында өсетін Кәсімдік наурызда өтетін бүкіл мерекелердің сәні болып кеткен. Қазақы түсінік бойынша, қызғалдақ – көктемнің, жаңа тіршіліктің бастамасы. Ал дәстүрлі тойымыз – Наурыздың жаңа күннің алғашқы сатысы екені айтпаса да көпке мәлім.**

Елімізде өсетін қызғалдақтың 18 түрі «Қызыл Кітапқа» енгізілген. Ал Орталық Еуропа жазығының батыс бөлігінде орналасқан Нидерланды мемлекеті «Қызғалдақтар елі» атанып кеткен. Деректерге сүйенсек, Нидерланды корольдігі қызғалдақ сатудан жылына 500 млн АҚШ доллары шамасында табыс табады.

Тарихта шөптесін гүл Ұлы Жібек жолы бойындағы дархан дала – Қазақстаннан өтіп, Иран мен Түркияға жеткізілген. Солай, ақырындап Голландияға тап болады. Бүгінде осылайша Голландия елі «Қызғалдақтар империясына» айналып та үлгерді.

Ал Сарқан қаласының тұрғыны Бауыржан Белегенов болса Халықаралық әйелдер күнінің қарсаңында 30 мыңға жуық голландия қызғалдағын баптап өсірді. Өз қолымен салған жылыжайда «көктем аруының» 14 түрін жайқалтып отыр. Осы бір қарапайым еңбек адамының тынымсыз тіршілігі – көпшілікке үлгі болып отыр.

Көктем мерекесі дегенде ең алдымен ойымызға әсем де нәзік гүл шоқтары оралады, әсіресе қызғалдақтардың орны бөлек болады. Бұл ретте өнеркәсіп альпинизмі мамандығына машықтанған сарқандық Бауыржан Белегенов негізгі жұмысынан бос уақытын бақшасында қызғалдақ өсіруге арнауға бел шешкен. Ол өзінің бұл ісіне 6 млн. теңгеге жуық



## Жанынан шуақ төгілген

**Ұлағатты ұстаз-ана Мәкен Нағыманованы Бақалы ауылының үлкен-кішісі жақсы таниды. Задында Мәкен Сұрақбайқызы сынды жаны жап-жарық адамдар нұрға жуынып, сәулеге сүртініп жаратылған сияқты көрінеді.**

Ұстаз-ана 1926 жылы дүниеге келген. Жасынан білімге құштар болған ол Қарабөгет ауылындағы мектептің 7-сыныбын үздік аяқтаған соң сол жылдардағы Андреевка ауданына қарасты Екпінді орта мектебінің жанынан ашылған бастауыш сынып мұғалімдерін даярлайтын екі айлық курсқа оқуға жіберіледі. Ұстаздық жолын Ақсу ауданының Ленин атындағы орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып бастап, 1943 жылы облыстық білім беру бөлімінің жолдамасымен Сарқан ауданындағы Антоновка орта мектебінде мұғалім болады. Сол жылы білікті азамат Әбікен Нағымановқа тұрмысқа шығып, отбасылық міндетін атқара жүріп, жас ұрпақтың көкейіне білім нәрін құяды. Жас отбасы 1950 жылы Бақалы ауылына қоныс аударып, осы ауылдық мектепте үздіксіз бастауыш сынып мұғалімі бола жүріп, 1976 жылы зейнет демалысына шығады. Алайда білім беру ұйымының өтініші бойынша

1985 жылға дейін қызметін жалғастырып, балалардың бағбаны ретінде көпшіліктің алғысын арқалайды.

Ұзақ жыл ұстаздық қызмет атқарып, елімізге танымал шәкірттер тәрбиелеп, 9 баланы жарық дүниеге әкеліп, 22 немере, 46 шөбере, 3 шөпшек сүйіп отырған абзал жанның өнегелі әңгімесін тыңдаудың өзі бір ғанибет. Бала тәрбиесіне, ұрпақ біліктілігіне айтулы үлес қосқан Мәкен Сұрақбайқызы «Ана Даңқы» орденінің үш бірдей дәрежесімен марапатталған, «Батыр ана», «Еңбек ардагері» медальдарын, «Алтын алқаны» өңіріне қадаған. Шұғылалы шаңырақтың алтын діңгегі ардақты ананың шоғына жылынып, шуағына малынып жүрген жерлестері Мәкен апайды мақтан тұтады.

Жуырда жерлестерінің, Кәкімжан Қазыбаев атындағы мектеп ұжымының өтініші ескеріліп, білім саласына зор еңбегі сіңген Мәкен Нағымановаға «Сарқан ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді. Биыл 98 жасқа толып отырған ұстаз-ананың шаңырағына аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев арнайы барып, құрмет көрсетіп, ғасырға жуық ғұмырында айналасына шуағын шашқан ұстаз-ананың жемісті еңбегін атап өтіп, аудан тұрғындары атынан алғыс білдірді.

## 101-ші көктем

**Сарқан ауданының Лепсі ауылдық округіне қарасты Көкжиде Сауылының қазыналы қарт әжесі Шәпен Қыдырбекова 101-ші көктемін қарсы алды. Қаумалаған ұрпақтарының ортасында ғұмыр кешіп отырған әжей бүгінде ең бақытты жанның бірі.**

Шәпен әжей осы жасына дейін небір қиындықты да, қуанышты күндерді басынан өткізді. Ол кісі 1923 жылы Сарқан ауданы, Қарабөгет ауылында дүние есігін ашыпты. 1940 жылы Бөрлітөбе ауданындағы Ерікті колхозында жұмысшы болып еңбек жолын бастап, содан зейнетке шыққанша бел жазбай еңбек еткен. Ұлы Отан соғысының ауыртпалығын қара нардай көтерген тыл еңбеккерлерінің сапында болып, қиындықты қайыспай көтеріп, бейбіт күннің шапағатын көргенін әңгімесіне арқау ететін өз ананың кейінгілерге айтары аз емес.

Әжім торлаған жүзі күреңіткен Шәпен әжей өз заманында ашаршылықты да, қуғын-сүргінді де, екінші дүниежүзілік соғыстың қиындығын да көзімен көріп, көңіліне түйген.

- Бұрынғылардан қалған нақыл бар. «Адам қартайғанда бір бала» деген. Апам да жасы келген соң кішкентай бала сияқты, сәл нәрсеге өкпелеп те қалады, күліп жадырап та жүреді,-дейді балаларының ең үлкені Асамұрат аға.



Шәпен апа 1947 жылы Қыдырбеков Әнуарбекпен сөзі жарасып, тұрмыс құрады. Бас қосқан екі жас Ерікті колхозында зейнетке шыққанша мал бақты. Абыройсыз болған жоқ, еңбектері еленіп, зор құрметке де бөленді. Шәпен әжей он баланы дүниеге әкеліп, кеудесіне «Алтын алқа» белгісін де тақты.

- Өмірлік қосағым Әнуарбек 85 жас жасап, өмірден озды. Он баламнан атап айтқанда 7 қыз, 3 ұлдан өрбіген ұрпақтарым алыс, жақында жүрсе де үнемі қал-жағдайымды біліп тұрады. Немере, жиен, шөберелер бар, бәрі-бәрі көңілімді табуға тырысады. Бұдан артық ата-анаға не марапат керек.

Бүгінде өмірден өз орындарын тапқан он баласынан 29 немере, 68 шөбере көріп отырған Шәпен әжей аналық ақ батасын беріп, «Біздің көрген қиыншылығымызды кейінгі ұрпақ көрмесін. Еліміз тыныш, ұрпағымыз саналы болсын» дейді. Біз де әжейге бейнетсіз ұзақ ғұмыр тіледік.

**Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.**

## Әйел ұстаздар қауымына

Бүгін міне аналардың мейрамы, Құттықтандар гүлінді алып кел дағы. Қуантыңдар барлық ана - қыздарды, Аямаңдар барлығын бер қолдағы.

Аналар ғой әйелдер ғой барымыз, Осылар ғой жұмағымыз, нарымыз. Ардақтайық әйел затын ағайын, Аман болсын қасыңдағы жарыңыз.

Болсын әркез жұмыстарың табысты, Әйел - ана тындыратын бар істі. Тілейтінім баршаңызға, ұстаздар, Шәкірттерің болсын алғыр, намысты.

Ақын, батыр бәрі туған анадан, Құрметтейді аналарды бар адам. Әкім, ғалым, данышпанның барлығы, Туылады ана деген данадан.

Құрметтей біл, бағалай біл барыңды, Ана-шуақ жылытады жаныңды. Мектеп кеме, білім теңіз ұстаздар, Шығарды ғой талай мықты дарынды.

**Боранбай АТАЛЫҚОВ,**  
**М.Мәметова атындағы орта мектептің мұғалімі.**

**Әлемдегі ең нәзік жаратылыс - әйел. Бұл дүниеде оның рөлі өлшеусіз. Өзімен әрқашан тіршілікті түлетіп, шуақты тарататын әйел адам сұлулық, инабаттылық, нәзіктіктің символы іспеттес. Осы орайда әлемдегі барлық нәзік жандардың ішінде қазақ қыздары мен аналары ерекше деп сеніммен айта аламын. Ұлтымыздың арулары еліміздің көркі мен абыройы, ата-анасының өркелеген қызы, жарының сенімді серігі, балаларының қамқор анасы. Қазақ қыздары өзінің тәрбие, сұлулық, нәзіктік, даналық сынды қасиеттерімен ерекшеленеді.**

## Қазақ қызы қасиетім, қадірлім

Ежелден біздің дана аналарымыздан келе жатқан бұл қасиеттер өз жалғасын табуда. Қазіргі таңдағы қазақ қыздары осы қасиеттерін жоғалтпауға тырысады. Бойындағы асыл қасиеттерін сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. Әрбір тәрбиелі қазақ қызынан үлкенге деген құрметін, алдын кеспейін, ер адамға деген сыйластығын, әр істі ұқсата білуін, өнерге қабілетін, салт-дәстүрге деген жауапкершілігін көре аламыз. Әр мерекеді салт-дәстүрді ұмытпай, ырымын жасап, рәсімін өткізеді. Қазақ қыздарына тән тәрбиені бұзбай, барынша үлкен құрмет танытады. Байқап қарасақ, бүгінгі



алдындағы жауапкершілікті сезінуіміз керек деп ойлаймын. Жалпы, неге өзге ұлт стильіне еліктейміз? Неге ұлттық салт-дәстүрімізді, өзіміздің этно стильімізді жаңғыртпасқа? Мысалы қазір 21-ғасырда бұған арналған түрлі мүмкіндіктер бар. Әлеуметтік желінің дамып тұрған сатысында өзіміздің ұлттық нақыштағы әшекей-бұйымдарымызды, киімдерімізді киіп, басқа ұлт өкілдеріне неге паш етпеске? Өзге ұлт құндылықтарын дамытып, көрсеткенше, біз неге өз ұлттық дүниелерімізді өзге ұлт өкілдеріне дәріптемейміз? Бұлай жалғаса беретін болса, ұлттық құндылығымыз жоғалады. Халқымыздың ішінде сүйкімі де кетеді. Ақырындап жойылып, келер ұрпаққа қалмауы да мүмкін. Біз бұған жол бермеуіміз керек. Тіпті бұл стильді қолдайтын тек қыздар емес, сондай-ақ ұлдар да бар. Оларға еліктеп жүрген кішкентай балалар да бар. Толғақты сөздің тобықтай түйіні қазақ қыздары өздеріне ғана тән ерекшеліктерін өзге ұлтқа еліктеп құртпаса екен деймін. Өзінің ұлтына тән құндылығын жоғалтпағаны

күні тіпті ұлттық нақыштағы әшекейлерді сөнге айналдыруда. Этно тақия, көжекей, шаштарына шекелік, шашбау, дәстүрлі әшекейлерді жаңаша жаңғыртып, барынша жиі тағып, ел көзіне көрсетуде. Аналарынан үйренген ұлттық тағамдарды жасап, ғаламтор желісінде бөліседі. Ондай қыздарымыз өте көп. Бірақ батыстық стильді де қолдайтын жас қыздар бар. Денелеріне түрлі тату жасатып, шаштарын ашық түстерге боятып, персинг тәсілдерін, ашық-шашық киінетіндер де баршылық. Әрине, ол өз қалауы, стиль түрі. Алайда бұл біздің қазақ қыздарына тән емес деп санаймын. Біз ұлт

дұрыс. Қазақ қызына тән болмысты, тәрбиені сақтап, өзіміздің ұлттық нақыштағы бұйымдарымызды ұмытпай, тағып жүргеніміз жөн. Тек қана мерекелерде ғана емес күнделікті өмірде де ұлттық нақыштағы дүниелерімізді дәріптеп, мақтан ете білуіміз тиіс. Өз елінің әсем гүлі, көктемнің шуақ шашқан нұры қазақ қызы табиғи, нәзік, сұлу болмысын түрлі артық заттармен бұзбаса ата-бабаларымыз жүктеген аманатқа адалдығымыз сол деп білемін.

**Арайлым АБАЙҚЫЗЫ,**  
**№1 мектеп-гимназияның**  
**10 сынып оқушысы.**

## Қазақстан Республикасының шекара заңнамасын сақтауды сұраймыз!

Құрметті Жетісу облысы Сарқан ауданының қонақтары және тұрғындары! Өздеріңіз білетіндей, Жетісу облысының Сарқан ауданы табиғаттың алуан түрлілігімен әйгілі, жыл сайын мыңдаған шетелдіктер мен Қазақстан Республикасының азаматтары Сарқан ауданының даму тарихын, табиғи қорықтарын, тауларын, өзендері мен көлдерін көріп тамашалауға келеді. Сонымен қатар Сарқан ауданы Қытай Халық Республикасымен шекаралас аймақ болып табылады. Осыған орай Қазақстан Республикасы азаматтарының және шетел азаматтарының Жетісу облысының Сарқан ауданының шекарасында болу тәртібін бәрі бірдей біле бермейді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 16 сәуірдегі № 356 «Шекара белдеуінің, карантиндік жолақтың және шекаралық аймақтың шектерін белгілеу туралы» қаулысына сәйкес Сарқан ауданы аумақтардың тізбесіне енгізілген. Шекаралық аймаққа кіретін шекаралық аумақтар. Туризм саласын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 шілдедегі № 600 қаулысымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 16 сәуірдегі № 356 қаулысына толықтырулар енгізілді, онда шекаралық аймаққа енгізілген, жекелеген режимдердің іс-әрекеттері алынып тасталатын немесе шектеулер тоқтатылған шекаралық аумақтардың тізбесін бекітті. Бұл мән-жай шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Сарқан ауданының аумағына Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі берген шекаралық аймаққа кіру рұқсаттамалары арқылы кіруіне қатысты шекаралық режимді алып тастауды білдіреді. Өз кезегінде, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 16 қаңтардағы № 70-V Заңының 41-бабына сәйкес шекаралық аймақта орналасқан адамдардың жеке ба-сын куәландыратын құжаттары әрқашан болуы тиіс. Олай болса, құрметті қонақтар және ерекше қорғалатын табиғи аумақтың тұрғындары, Қазақстан Республикасының шекара заңнамасын сақтауды сұраймыз!

Жетісу облысы бойынша Шекара департаментінің Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының Сарқан шекара бөлімі.

## ПӘТЕР ЖАНҒАН ЖАҒДАЙДА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Сарқан ауданы ТЖБ қызметкерлері біріншіден 101-ге қоңырау соғып, балаларды және қарттарды шығарып, тек содан кейін өз күштерімен отты сөндіруді ұсынады.

Егер өрт пәтеріңіздің ішінде басталса, және сізде өрт сөндіргіш болмаса, қол астындағы тығыз матаны (сулы жақсырақ) және суды пайдалануға болады. Жанған перделерді жұлып тастап, аяғымен басу немесе ваннаға тастап, су құю керек. Осылай көрпелерді, жастықтарды сөндіруге болады. Терезелерді ашпаңыз, оттектің келуімен от одан да қатты жанады. Сондықтан жанып жатқан бөлмені абайлап ашу керек – от өзіңізге қарсы лап етуі мүмкін. Тоқ соғудан аман болу үшін, электр сымын сөндіру немесе су құю кезінде электрді сөндіріңіз. Пәтердегі өртті сөндірген соң, ештеңе бықсып жатпағанын тексеріңіз.

Бірнеше маңызды ескертпе: өртте адамдар оттан емес түтіннен өлетінін статистика көрсетеді. Кейде түтінді бірнеше рет жұту улануға жеткілікті. Сондықтан отты сөндіру кезінде барлық әдістермен түтіннен қорғаныңыз, ал егер ол мүмкін болмаса – жанған бөлменің және пәтердің есігін жауып, пәтерден шығыңыз.

Пәтерде ешкім қалмағанын біліп қана пәтерден шығыңыз. Әсіресе балаларды қарау керек: қорыққаннан олар шкафтардың ішінде, үстел, төсек астында, ванна, әжетхана бөлмелерінде тығылып, дауыс бермейді. Түтінделген бөлмеде жылжығанда өзіңіздің үйіңізде де адасып қалуыңыз мүмкін – осы қауіпті есте сақтаңыз. Сулы шүберекпен демалыңыз. Мүмкіндік болса - өкпеңізді газқағармен немесе респиратормен қорғаңыз. Түтінделген дәліздерден еңбектеп немесе жорғалап өтіңіз – төменде түтін азырақ болады.

Ә.ҚАБДЕШОВ,  
Сарқан ауданы ТЖБ аға инженері,  
азаматтық қорғау лейтенанты.

## Мүмкіндігі шектеулі жандардың назарына!

МЕРЗІМСІЗ УАҚЫТҚА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН 1-2 ТОП МҮГЕДЕКТИГІ БАР АДАМДАРДЫҢ МІНДЕТТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫН (МЗЖ) ТӨЛЕУДЕН БОСАТЫЛУҒА ҚҰҚЫҚТАРЫ БАР ЕКЕНДІГІ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының әлеуметтік кодексіне сәйкес Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (БЖЗҚ) міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ) төлеуден, егер мерзімсіз уақытқа белгіленген болса, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар босатылады. Сонымен қатар, жұмыс берушіге жоғарыда аталған адамдардың өтініші негізінде МЗЖ ұстап қалуға және оны БЖЗҚ-ға аударуға рұқсат етіледі. Осылайша, мерзімсіз уақытқа белгіленген бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар қазақстандықтар жұмыс орны бойынша БЖЗҚ-ға МЗЖ-ны ұстап қалуға келісім беретіндігі туралы өтініш беруге құқылы.

Бірінші және екінші топтағы мерзімсіз уақытқа белгіленген мүгедектігі бар адамдар БЖЗҚ-дан кесте бойынша ай сайын берілетін зейнетақы төлемдерін алуға құқылы. БЖЗҚ салымшының (алушының) Қазақстан Республикасының "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" заңына сәйкес ұсынылатын келісімімен Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған деректер банкi" ақпараттық жүйесінен мүгедектіктің белгіленгендігі туралы мәліметтерді дербес сұратады.

Зейнетақы жинақтары төлемін алуға өтінішті БЖЗҚ кеңсесіне жеке өзі немесе сенім білдірілген тұлға, eprf.kz интернет-ресурсы, сондай-ақ, пошта байланысы арқылы жүгінген кезде беруге болады.

БЖЗҚ-да, сондай-ақ, мерзімсіз уақытқа белгіленген бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға барып көрсету қызметінің де ұйымдастырылғанына назар аударамыз. Бұл ретте алдын ала кеңес беру, оның ішінде қызметтерді қашықтан, ешқайда шықпай-ақ алу мүмкіндігіне тексеру жүргізіледі.

## Зияткерлік меншік құқығындағы маңызды сала - географиялық нұсқама

Қазақстан әлем елдері арасында өзіндік беделі мен дамуы бар және жер көлемі жағынан алдыңғы қатардағы елдердің бірі. Осындай жазиралы кең даланың тесінде тарихи маңызды, туризмді дамытуға қолайлы жер атаулары аз емес.

Осы орайда, елімізде зияткерлік саласының ерекше маңызды географиялық нұсқамаларды тіркеу шаралары қолға алынып жатыр.

Қазіргі уақытта еліміздегі заң талаптарына сай тауар шығарылған жердің атаулары мен географиялық нұсқамаларды біріктіре қорғаудың екі жолы қарастырылған. Елімізде географиялық нұсқамаларды құқықтық қорғау 2022 жылдан бастап жүзеге асып келе жатыр.

Жалпы географиялық нұсқама дегеніміз не соған тоқтала кетсек, белгілі бір географиялық шығу тегіне байланысты және осыған байланысты ерекшеліктері немесе айрықша беделі бар өнімдерде қолданылатын белгі және де географиялық нұсқама болу үшін нұсқама белгілі бір жерден (географиялық аймақтан) өндірілгенін растау керек.

Мысалы, Жетісу аймағында «Қоғалы картобы», «Текелі балы», «Көксу қанты» сияқты өнімнің шығарылған жерінің ерекше қасиеттерімен тікелей байланысты болуы қажет. Яғни, теңіз деңгейінен 900-1200 м биіктіктегі Жоңғар Алатау беткейінде немесе ыстық ауа массаларымен бапталып өсетін Алакөл жағасында дегендей ерекшеліктері болса өте жақсы болады. Табиғи жағдайлар ауа топырақ және климаттық жағдайлары өнімнің дәміне, құрылымына бірегей қасиеттер қалыптасуына әсер етеді. Бұл ерекшеліктер өнімнің брендке айналуына кепілдік беретіні сөзсіз.

Өнімнің бірегей ерекшеліктері климатқа, дәстүрлерге немесе өндірушінің білімі мен ойлампаздығына байланысты болуы да мүмкін. Егер табиғат пен адам еңбегі бірлесе жоғары сапалы өнім өндіруге қол жеткізсе онда географиялық аймақ пен өнімнің сапасы арасында байланыс пайда болады. Әлем елдерінде географиялық нұсқама түріндегі тауарлар мен өнімдердің географиялық атаумен шығуы туралы ақпарат олардың сапасы және ерекшелігімен мен танымалдығының кепілі болып табылады.

Елімізде 62 географиялық нұсқама заңмен қорғалады оның ішінде: 57 тауар шығарылған жердің атаулары (37-сі шетелдік) - минералды су, шарап, сыра және спирт тік өнімдер, сүт өнімдері, балмұздақ, ірімшік, емдік әсері бар балшық, көмір, бал және басқа да өнімдер. оның ішінде: 5-і географиялық нұсқама (1 шетелдік) - Ча-ча өнімі, Алматы апорты, Түркістан шоколады, Түркістан балмұздағы, Қарағанды балмұздағы.

Өрбір қоғамның өмірінде материалдық құндылықтардан басқа рухани құндылықтар да маңызды рөл атқарады. Адам туғанда табиғат оған ойлау, шығармашылық, ғылыми және мәдени туындылар жасау қабілетін сыйға береді. Осы шығармашылық туындылар әрбір халықтың, мемлекет пен адамзаттың рухани және зияткерлік қорын құрайды.

Д. ҚАЛИБЕКОВ,

Ақсу ауданаралық әділет басқармасы басшысының міндетін атқарушы.

## Мүлік иесі қайтыс болғаннан кейін мұраға алу құқығын қалай рәсімдеуге болады?

Мұрагерлік құқығының жалпы ережелерін білу бәрімізге керек, өйткені қайтыс болған адамның мүлкі мен мүлкілік құқықтарының мұрагерге ауысуы арқылы кез-келген адам мұрагер болуы мүмкін. Алайда мұрагерлікке байланысты барлық мүмкін болатын жағдайларды алдын ала болжай алмайсың. Сондықтан да мұраға алу бойынша қандай да бір іс-әрекет жасамас бұрын заңгермен кеңескеніңіз жөн. Мүлік, соның ішінде жылжымайтын мүлік екі жолмен заң бойынша және мұра берушінің соңғы аманаты бойынша өсиет хат негізінде мұрагерлікке қалады. Заң бойынша мұрагерлік өсиет хат болмағанда немесе ол ҚР Азаматтық кодексінің ережесіне сай жарамсыз деп танылғанда қолданылады. Мұрагерлер заңда көрсетілген процедураға сай мұраға алуға шақырылады. Айта кету қажет, мұраға иелік етуге құқық мұрагердің азаматтығына қарамайды. Қазақстан Республикасының азаматы да, шетел азаматы да, тіпті мемлекет те мұрагер бола алады. Міндетті үлес құқығына мұра берушінің көмелет жасқа толмаған немесе еңбекке жарамсыз балалары, сондай-ақ еңбекке жарамсыз әйелі мен ата-аналары ие (олар өсиет хаттың бар-жоғына қарамастан мүлкінің белгілі бір бөлігін иемденеді). Мұраға алудың сегіз кезегі белгіленген. Кезектілік негізі туыстарды бір-бірінен бөлетін, туу санымен анықталатын туыстық деңгеймен анықталады. Заң бойынша әрбір келесі мұрагерлердің кезегі алдыңғы кезекте мұрагерлер болмаған жағдайда ғана мұраға алу құқығына ие болады.

### Ең бастысы – нотариуста құжаттарды рәсімдеу!

Мұраға иелік ету үшін мұрагер оны қабылдауы қажет. Мұрагер мұрагерлік іс ашылған күннен бастап, оны қабылдауды, әлде басқа мұрагерлердің пайдасы үшін одан бас тартуды шешіп алуы қажет. Мұраға иелік етуден бір рет бас тарту шешімі кейін қайтадан өзгертілмейді. Мұраны қабылдау мұрагерлік іс ашылған жердегі нотариусқа мұраны қабылдау немесе мұрагерлік құқығы туралы куәлікті беруге өтініш беру арқылы жүзеге асырылады. Жылжымайтын мүлікке мұрагерлік құқықты нотариалдық тәртіппен рәсімдеу үшін келесі құжаттар қажет: қайтыс болғандығы туралы куәліктің түпнұсқасы және көшірмесі; мұра берушімен туыстық қатынасын растайтын құжаттардың түпнұсқасы мен көшірмесі (туу туралы, неке қию туралы куәлігі және т.б.); пәтерге құқық белгілейтін құжаттар (сату-сатып алу құжаты, сыйға тарту және т.б.), үйдің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін үйдің және жер телімінің құқық белгілейтін құжаттар.

### Мерзімінде үлгерген маңызды!

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде мұраны қабылдау мерзімі – мұрагерлік іс ашылғаннан бастап алты ай деп белгіленген. Мұрагерлік іс ашу мерзімі мұра берушінің қайтыс болған күнінен басталады. Мұрагерліктен бас тартуға да алты ай мерзім беріледі. Егер мұраға ие болу құқығы мұрагердің мұрадан бас тартуынан немесе басқа мұрагердің мұраны қабыл алмауынан кейін басқаларға берілген болса, бұл адамдар мұраны мұралық ету құқығы пайда болған күннен бастап алты ай мерзімінде қабылдай алады. Егер сіздің мұраны қабыл алу мерзіміңіз өтіп кеткен болса, не істеу керек? Бұл жағдайда мерзімді қалпына келтіру туралы сотқа өтініш беру қажет. Егер мұрагер мерзімді белгілі себептермен өткізіп алған болса және де мерзімі өткеннен кейінгі алты ай ішінде сотқа жүгінген болса онда сот мұраны қабылдау үшін мерзімді қалпына келтіреді және мұрагерді мұраны қабыл алды деп есептейді.

Мұра ашылған кезде тірі жүрген, сондай-ақ мұра қалдырушының тірі кезінде іште қалған және мұра ашылғаннан кейін тірі туған азаматтар өсиет және заң бойынша мұрагер бола алады. Мұра ашылғанға дейін құрылған және мұраның ашылу уақытында болған заңды тұлғалар, сондай-ақ мемлекет өсиет бойынша мұрагерлер болуы мүмкін.

А. КУНДАКБАЕВА,  
Жетісу облысының нотариаттық округінің нотариусы.

## Сәулет және қала құрылысы қызметі саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет

### «Сәулет-жоспарлау тапсырма-сын беру»

1. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) түрінде.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Астана және Алматы қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары көрсетеді.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру:

1) мемлекеттік қызметті көрсету [www.egov.kz](http://www.egov.kz) «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін өтініш берушіден талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге: осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес нысан бойынша өтініш; жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі ("Жылжымайтын мүлік тіркелімі" мемлекеттік мәліметтер базасында тіркелмеген жағдайда);

Көрсетілетін қызметті алушыға (не уәкілетті өкілі: құзыретін растайтын құжат бойынша заңды тұлға; нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша жеке тұлға) өтініші бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

2) көрсетілетін қызметті берушіге: осы мемлекеттік көрсетілетін

қызмет стандартына сәйкес нысан бойынша өтініш; жеке басын куәландыратын құжат (көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіру үшін); тапсырыс беруші бекіткен жобалауға арналған тапсырманың көшірмесі; жер учаскесіне құқық беретін құжаттың көшірмесі немесе жергілікті атқарушы органның реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) туралы шешімінің көшірмесі; осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының қосымшасына сәйкес техникалық шарттарға арналған сауалнама парағы; топографиялық түсірілім.

**Д.САБИКЕНОВ,**

**Сарқан ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің бас маманы.**

## Хабарландыру

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы №18-02/40 бұйрығымен бекітілген «Ағаш кесу билеті мен орман билетінің нысандарын, оларды есепке алу, сақтау толтыру және беру қағидасын (бұдан әрі қағида) 3 тарау 13-1,13-2,13-3 тармақтармен Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 1 маусымдағы №28 бұйрығымен толықтырылды. Осыған орай, «Берлітөбе орман шаруашылығы» КММ 2022 жылдың қаңтарынан бастап «Ағаш кесу және орман билетін беру» мемлекеттік қызметін жеке және заңды тұлғаларға [egov](http://egov.kz) порталы арқылы электронды үлгіде ұсынады.

Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі мал жаю алаңдары бір бас қой, ешкіге 3,0 гектар, бір бас мүйізді ірі қара мал (сиыр) 5,0 гектар, бір бас жылқыға 7.2 гектар болып бекітілген.

**Толық ақпарат алу үшін хабарласу телефоны: 872843-2-10-15**

**Е.БАРЛЫКБАЕВ,**

**«Берлітөбе орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас инженері.**

«Қазселденқорғау» ММ ескертеді

## Су тасқыны және сел

**Су тасқыны және сел** - бұл табиғи апат, апат барысында адамдар, жануарлар қаза тауып, ғимараттар мен тұрғын үйлер қиратылады. Нәсер немесе ұзаққа созылған жауын-шашын, қар мен мұз кептелісінің тез еруі, дауыл салдарынан теңіз бен өзен деңгейінің көтерілуі, адамдардың кінәсінен су қоймаларының жарылуы тасқынға әкеп соғады.

**Табиғи апат болған жағдайда** үйдегі газды, электр қуатын және суды өшіріңіз; жылыту пештерін сөндіріп, үйдің құнды заттарын ғимараттың жоғарғы қабаттарына немесе шатырларға апарыңыз, үйдің бірінші қабаттарының терезелері мен есіктерін әйнектің сынуына және үйге құбылмалы қоқыстың енуіне жол бермеу үшін тақталармен немесе фанерамен жабыңыз, үй жануарлары орналасқан сарайдың есіктерін, ысырмаларын ашыңыз.

**Кенеттен су тасқыны болған кезде**, өзіңізбен бірге жылы және жақсырақ су өткізбейтін киімді, көрпе, тамақ, т.с.с. алып, рельефтің бұрын-соңды су баспағаны белгілі биік жерлерге шығыңыз. Егер ондай мүмкіндік жоқ болса, қайық пен басқа да мінсіз жүзу құралдарын дайындауыңыз керек.

**Сел ағындары** - таулы рельефке тән су мен борпылдақ қоспалардан тұратын қысқа мерзімді балшық тас ағындары.

Қазақстанның таулы аймақтарында жылы маусымда (мамыр - қыркүйек) сел пайда болады.

Сел қаупі бар жерлерде таудағы жағдай туралы бұқаралық ақпарат құралдарының хабарларын үнемі қадағалап, тізгіндалатын селге 50-70 м-ден жақындамаңыз, тік жартастар мен тік беткейлердің жанына тоқтамаңыз, сел жүретін учаскелерде абай болыңыз!

**А. ТОЛЕУОВ,**  
**ҚР ТЖМ «Қазселденқорғау»**  
**ММ Сарқан ӨПБ басшысы.**

## Подготовка к пожароопасному периоду

Пожароопасный период — это период в году со схода снежного покрова до установления устойчивой дождливой осенней погоды или образования снежного покрова в лесах и устанавливается он управлением природных ресурсов и регулирования природопользования акимата области Жетісу на территории области, учитывая погодные условия с определенного числа весны до определенного числа осенью.

А до наступления пожароопасного сезона сотрудниками КГУ «Борлитобинское лесное хозяйство» проводится масштабная работа по подготовке. В каждом лесничестве проверяется техника, инвентарь, лесная пожарная станция укомплектовывается в соответствии с нормами. Приобретаются запчасти для ремонта техники, обновляется противопожарный инвентарь. Конторы лесничеств, патрульные и пожарные автомобили оснащаются радио и телефонной связью. Водители пожарных машин обучаются работе со спецтехникой. Лесная охрана проводит разъяснительно-агитационные работы среди населения, в школах по соблюдению правил пожарной безопасности в лесах.

С начала года разработан план основных мероприятий на пожароопасный сезон 2024 года по КГУ «Борлитобинское лесное хозяйство», в котором отражены во-

просы предупреждения и ликвидации лесных и степных пожаров. Кроме того, согласован план взаимодействия сил для борьбы с лесными пожарами с МЧС Сарканского, Аксуского и Алакольского районов. Так же с начала года согласованы Планы противопожарных мероприятий со всеми лесопользователями осуществляющими свою деятельность на территории учреждения. Разработаны схемы оповещения при появлении лесных пожаров, определен расчет сил и средств для тушения.

Все перечисленные мероприятия организационные и профилактические и направлены на то, чтобы свести к минимуму вероятность возникновения пожаров и возгораний на территории лесного учреждения, однако это лишь малая часть работы лесной охраны. Основные работы начнутся с наступлением тепла, такие как проведение профилактического отжига сухой травы на опасных участках, обновление минерализованных полос вокруг лесных массивов, дежурство лесной охраны в дни высокой пожарной опасности и конечно же тушение лесных пожаров и возгораний.

**Н.БАЙГАМЫТОВ,**  
**начальник ЛПС КГУ**

**«Борлитобинское лесное хозяйство».**

## Автокөліктердегі өрт қауіпсіздігі

Автокөліктегі өрттердің негізгі себептері көліктердің техникалық ақауы және қозғалтқыш бөлігіндегі электр сымдарының қысқа тұйықталуы болып табылады, сол себепті автокөлік жүргізушілеріне көліктегі электр сымдарына назар аудару маңызды екенін ескерген жөн. Көліктегі өртті болдырмауға және өрт туындауы қаупін төмендетуге болады. Ол үшін жүргізушілер автокөлікті уақытында техникалық тексеруден өткізуі және техникалық жай-күйін бақылап отыруы қажет.

Ең алдымен әрбір автомобильде ақаусыз өрт сөндіргіш болуы керек. Қажет болған жағдайда, өрт ошағын барынша тез және қысқа мерзімде сөндіруге кірісу үшін, өрт сөндіргіш оңай қол жетімді жерде болуы тиіс. Өрт сөндіргіш қозғалыс кезінде жүргізушіні көлік құралын басқарудан алаңдатпауы тиіс. Өрт сөндіргіштің жағдайын үнемі тексеріп тұрыңыз. Оның майысқан және ісінген жерлері болмауы керек. Баллон қызып кетпеуі керек, бүріккіш еркін қозғалуға, ал оның элементтері

деформацияланбауға тиіс. Кез келген өрт сөндіргіштің жарамдылық мерзімі төрт жылдан аспайды, пломбасы сақталуға тиіс. Осы қарапайым шарттардың кез келген бұзылуы құрылғыны ауыстыру үшін себеп болып табылады. Сонымен қатар, өрт сөндіргіштің автокөліктің ішінде орналасуы қажеттігін ұмытпау керек. Баллонды жүк салғышқа лақтыра салудың қажеті жоқ. Өрт сөндіргішті салонға бекітіңіз, алайда қауіп туындаған жағдайда оған оңай жету үшін, тым алысқа орналастырмаңыз. Өрт сөндіргішті пайдалану жөніндегі нұсқаулықты елемеуге болмайды. Төтенше жағдайға дейін бірнеше минут бөліп пайдалану ережелерін оқу және есте сақтау керек. Жану белгілері – түтін, жалын немесе бір түрлі иістер байқалса, автомобильді дереу тоқтатып, электр тізбегін бұзыңыз. Денсаулығына және өміріне зиян келтірмеу үшін, барлық жолаушылар көлік құралын тастап кетуге тиіс. Олардың міндеті – айналадағы жүргізушілердің назарын аудару.

**Е.ЖАПАРҒАЛИ,**

**Сарқан ауданы ТЖБ аға анықтаушысы, азаматтық қорғау лейтенанты.**

## Ауыл шаруашылық малдарының везикулярлы стоматит ауруы

Стоматит – ауыздың кілегей қабықтарының қабынуы (ауыз уылуы). Стоматиттердің талауранған түрі жиірек, ал күлдіреген, жаралы, күлбіреген қабыршықтанған және іріңді түрлері сирегірек кездеседі.

Өту барысы бойынша жіті және созылмалы, ал пайда болу себептеріне байланысты — басалқы және қосалқы болады. Басалқы стоматит қабықтың тітіркенуінен өз бетімен, ал қосалқы – басқа бір аурулардың салдарынан пайда болады.

**Себептері.** Ауыз қуысының кілегей қабықтары құнарсыз, қатты, дөрекі талшықты, тікенекті азықтармен, ірі туралған сабанмен, дәмді өсімдіктердің және қылтанақтың қылқандарымен, бөтен заттармен, ауыздықпен, тіс

жарғанда және олар алмасқанда, сонымен қатар, азу тістері дұрыс мүжілмей, шеттері үшкірленгенде, торайларда — арсқан азу тістерінің (клық) қажауынан зақымдалынады. Кілегей қабықтарының химиялық зақымдалуы мал сарғалдақ, сүттіген, қыша, қырыққұлақ және басқа да улы шөптерді жегенде пайда болады.

**Белгілері.** Стоматит қай түрде өтсін азықты шайнау процесі бұзылады. Мал азықтың майдасын, жұмсақтарын таңдап алып, абайлап, жаймен, арасында дем алып барып шайнайды, кейде қатқыл, ірі сабақтарды аузынан сыртқа шығарып тастайды.

**Анықтау.** Ауыз қуысын ашып қарағанда стоматиттің нақтылы зақымдалынған жерін, түрлерін ажы-

рату қиынға түспейді: бірақ басалқы не қосалқы түрлерін ажырату үшін малдың клиникалық күй-жайын да есепке алады.

**Емі.** Алдымен аурудың пайда болу себепін анықтап, жою қажет. Малға жеңіл өңделетін жұмсақ азық (шөп, жемді — буда бұқтырып) және суды керегінше берген жөн. Азықтанған соң ауыз қуысын Эсмарх кружкасы көмегімен 1% -дық тиіс Na гидрокарбонат, 1:1000 қатынастағы калий перманганат, 1:1000 қатынастағы риванол, 1 : 5000 қатынастағы фурациллин, 3% -дың бор қышқылы ерітінділерімен 3-4 реттен шаяды. Уытты ойық жараларды (язва) йод-глицерин қоспасымен өңдейді. Қабыршақтанған және жаралы стоматитте микробтарға қарсылық дәрілер ерітінділерін және глицерин-

мен араласқан йод препараттарын қолданады.

**Ескертеміз:** Ағымдағы жылдың ақпан айынан бастап, Сарқан ауданы бойынша жергілікті ветеринариялық дәрігерлері жұқпалы мал ауруларына қарсы іс-шараларын жүргізеді. Жаңадан туылған төлдерді немесе сырттан келген малдарды жергілікті ветеринариялық мал дәрігеріне құжаттарын уақытылы рәсімдеулеріңізді сұраймыз. Сонымен қатар өлім-жітімге ұшыраған немесе сатылған, өз қажеттілігіне сойылған малдарды уақытылы тіркеуге қойып немесе алу қажет. Ветеринариялық іс-шараларына сұрақтарыңыз болса келесі телефон номеріне хабарласуыңызды сұраймыз.

**Сарқан аудандық ветеринария станциясы: 2-18-02.**



## Құттықтаймыз!

Біздің сүйікті ұстазымыз, Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінің 4 а сынып жетекшісі **Абдишева Гүлжаз Серікқалиқызын** 8 наурыз - халықаралық әйелдер мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздің қажырлы еңбегіңіз бен біздің балаларымызға деген қамқорлығыңыз үшін айрықша алғыс айтамыз. Өміріңіз тек жақсылықпен өрілсін, көңіліңіздің көкжиегін қуаныш кернеп, аман-есен жүре беріңіз! Жұмысыңыз тек рахат әкелсін, еңбегіңіз еленіп, абыройыңыз асқақтай берсін. Көктемнің шуақты, мейірім мен жылылыққа толы мерекесі әрбір күніңізді осындай асыл құндылықтарға толтырсын. Сізге мол бақыт, зор денсаулық және құшағыңызға ыстық ықылас пен ризашылыққа арқау болған керемет гүлдер тілейміз! Мереке мерейіңізді өсірсін, біз сізбен әрқашан мақтанамыз!

**Өзіңізге деген ниетпен: Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінің 4 а сынып ата-аналары.**

## Ораза қабын болсын ұстазан жан!

Барша мұсылмандар үшін қасиетті болған Рамазан айына да келіп жеттік. Он екі айдың сұлтаны болған Рамазан – Алланың мейірімі төгіліп, жұмақтың есігі айқара ашылатын, сауаптар еселеніп жазылатын шарапаты мен шапағаты мол ай. Құдси хадисте Алла Тағала: «Ораза – тек Мен үшін. Оның сыйын (сауабын) Өзім ғана беремін...» деп оразаның қадірі мен қасиетін баяндаған. Исламның бес парызының бірі болған оразаның осы айда орындалатыны да сондықтан. Ораза жан мен тәнді рухани тазартатын үлкен сабыр мектебі. Ендеше, жасаған амалдарымыз бен ізгі ниеттерімізді Алла Тағала қабыл етпей! Еліміз аман, жұртымыз тыныш, тәуелсіздігіміз баянды болғай!

# Рамазан

## Ораза кестесі

2024

Ташкент 1445 жыл

САРҚАН ҚАЛАСЫ

РАМАЗАН АЙЫ	АПТА КҮНДЕРІ	НАУРЫЗ ЖӘНЕ СӘУІР	ТАҢ (Сәресі бітетін уақыты)	КҮННІҢ ШЫҒУЫ	БЕСІН	ЕКІНТІ	АҚШАМ (ауызашар уақыты)	ҚҰПТАН
1	Дүйсенбі	11 Наурыз	04:39	05:57	11:53	15:55	17:44	19:02
2	Сейсенбі	12 Наурыз	04:37	05:55	11:53	15:56	17:45	19:04
3	Сәрсенбі	13 Наурыз	04:35	05:53	11:53	15:57	17:47	19:05
4	Бейсенбі	14 Наурыз	04:33	05:52	11:52	15:58	17:48	19:06
5	Жұма	15 Наурыз	04:31	05:50	11:52	15:59	17:49	19:08
6	Сенбі	16 Наурыз	04:29	05:48	11:52	16:00	17:51	19:09
7	Жексенбі	17 Наурыз	04:28	05:46	11:52	16:01	17:52	19:11
8	Дүйсенбі	18 Наурыз	04:26	05:44	11:51	16:02	17:53	19:12
9	Сейсенбі	19 Наурыз	04:24	05:42	11:51	16:03	17:55	19:13
10	Сәрсенбі	20 Наурыз	04:22	05:40	11:51	16:04	17:56	19:15
11	Бейсенбі	21 Наурыз	04:19	05:38	11:50	16:05	17:57	19:16
12	Жұма	22 Наурыз	04:17	05:36	11:50	16:06	17:59	19:18
13	Сенбі	23 Наурыз	04:15	05:35	11:50	16:07	18:00	19:19
14	Жексенбі	24 Наурыз	04:13	05:33	11:50	16:08	18:01	19:21
15	Дүйсенбі	25 Наурыз	04:11	05:31	11:49	16:09	18:03	19:22
16	Сейсенбі	26 Наурыз	04:09	05:29	11:49	16:10	18:04	19:24
17	Сәрсенбі	27 Наурыз	04:07	05:27	11:49	16:11	18:05	19:25
18	Бейсенбі	28 Наурыз	04:05	05:25	11:48	16:12	18:06	19:27
19	Жұма	29 Наурыз	04:03	05:23	11:48	16:13	18:08	19:28
20	Сенбі	30 Наурыз	04:01	05:21	11:48	16:14	18:09	19:30
21	Жексенбі	31 Наурыз	03:59	05:19	11:47	16:15	18:10	19:31
22	Дүйсенбі	1 Сәуір	03:57	05:17	11:47	16:16	18:12	19:33
23	Сейсенбі	2 Сәуір	03:55	05:16	11:47	16:17	18:13	19:34
24	Сәрсенбі	3 Сәуір	03:52	05:14	11:47	16:18	18:14	19:36
25	Бейсенбі	4 Сәуір	03:50	05:12	11:46	16:19	18:15	19:37
26	Жұма	5 Сәуір	03:48	05:10	11:46	16:20	18:17	19:39
27	Сенбі	6 Сәуір	03:46	05:08	11:46	16:20	18:18	19:40
28	Жексенбі	7 Сәуір	03:44	05:06	11:45	16:21	18:19	19:42
29	Дүйсенбі	8 Сәуір	03:42	05:04	11:45	16:22	18:21	19:44
30	Сейсенбі	9 Сәуір	03:40	05:03	11:45	16:23	18:22	19:45

**ЕСКЕРТПЕ:**  
 10 сәуір – Ораза айт.  
 Сәуір айының 5-інен 6-сына қараған түн – қасиетті Қадір түні.  
**Ораза ниеті:** Алла Тағаланың разылығы үшін таң атқаннан күн батқанға дейін рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім.  
**Ауызашар дұғасы:** Уа, Жаратқан Ием! Сенің разылығың үшін ораза ұстадым, Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім, Сен берген ризықпен ауыз аштым. Уа, Кешірімді Алла! Менің алдыңғы және кейінгі күнеларымды кешірі! Сақтық үшін сәресін 10 минут ерте жабу.  
 Пітір садақасы жан басына 640 теңге.  
 Пітір садақа және садақаны Kaspi.kz, Halyk Homebank, ForteBank, Банк ЦентрКредит, Astana-Plat, Bereke Bank мобильді қосымшалары және Қазпошта арқылы аударуға болады.

Рамазан кестесін MUFTYAT.KZ сайты мен MUFTYAT APP қосымшасынан жүктеп алыңыз

Call орталық 24/7 +7(707)233 30 30

## Есен туған күн, мерекелен!

Көгілдір көктемнің жанға шуағын төгетін ғажап мерекесі 8 наурыз күні дүние есігін ашқан **Қарашева Ардақ Жапарқызын** осынау қуанышымен шын жүректен құттықтаймыз! Еңбекқорлығымен ерекшеленетін, жанары әрдайым нұр шашып, жүретін осынау жанға төл мерекесі – туған күнінде көңіліңіз өзіңіз өмір есігін ашқан мезгіл - көктемдей көрікті болып, амандығыңмен айналанды қуанып жүре бер дейміз. Әрқашан толысқан айдай ажарланып, күлімдеген күндей нұрланып, шаттық пен қуанышқа бөленіп, береке-бірліктің бастаушысы, игі істердің қостаушысы болып жүре беріңіз! Өзіңізге деген ақ тілек, ізгі ниетті мына бір жыр жолдарымен жалғаймыз.




Бір жақсы үлгі көріп әркім сізден,  
 Теңейді берері көп алтын күзге.  
 Еңбекпенен есейіп тұлғаңызды,  
 Жүрдіңіз ел алдында жарқын жүзбен.  
 Осынау жас — енді өмірдің басталғаны,  
 Жетіңіз талай шыңға, асқарға әлі!  
 Бауыр ет - балаңыз аман болсын,  
 Сол емес пе ананың басты арманы!  
**Ізгі тілекпен: аудандық пошта торабының ұжымы.**

Дос, туыстың қас-қабағын бағатын,  
 Сыйласымның әркез отын жағатын.  
 Ініге өпке, ағаларға қарындас,  
 Ағайынның көңіл ойын табатын.  
**Ізгі ниетпен: отбасылық достары.**

Арқасында ақыл-мінез білімнің,  
 Жақсылардың қатарына іліндің.  
 Шын жүректен туған күні тілейміз,  
 Құлпырғанын сенің өмір гүліңнің.

Аманбектер ауылының тұрғыны, Аманбектер негізгі орта мектебінің ұстазы **Жақыпбекова Анаргүл Көпеевнаны** 60 жастық туған күнімен, мерей өсірер мерейтойымен құттықтаймыз! Аса құрметті Анаргүл Көпеевна, сіз білім саласындағы әрбір жаңалықты жылы қабылдап, шәкірттерге лайықты жеткізе білгеніңізбен қатар, бойыңыздағы бар жинап-терген біліміңізді оқушылардың санасына сапалы етіп сіңіре білдіңіз, алдыңызда отырған әр шәкірттің білімді, парасатты болып шығуын мақсат еттіңіз. Сізге әлі де шығармашылық жұмыстың жемісін жеп, бақытқа бөленіп, қуанышқа кенеле беріңіз деп тілейміз.



Өмірде күндер кешіп жарасымды,  
 Жинадың зерделі ой мен бар асылды.  
 Әлі де ұзақ жасап ортамызда,  
 Тойлайық бірге өзіңмен бір ғасырды.

**Құттықтаушылар: Аманбектер негізгі орта мектебінің ұжымы.**

## Тасарық орта мектебінің 4-сынып оқушыларының шығармашылығынан

### Ана

Анашым, асыл адам бір өзің,  
 Біздерді бесігіңмен тербедің.  
 Мәпелеп маңдайымнан сипағанда,  
 Мен мәңгі қуанышқа бөлендім.

**Ерали ЕСМҰРАТ.**

### Анашым!

Ақ сүт берген анашым,  
 Мейірім төккен данасың.  
 Жақсы көрген баласың,  
 Мен үшін сен дарасың.  
 Аман болып әрқашан,  
 Жүрші жанымда анашым!

**Аңсар ТӨКЕНОВ.**

### Аналарға тілек

Ана. Ол баға жетпес ешқандай теңеу жоқ әлемдегі керемет жан. Барлық тіршілік атаулылардың анасы бар. Ана

**Өмірсерік Бауыржан Ерікжанұлының** атына ҚР ІІМ-нен 28.12.2021 жылы 049820797 нөмірімен тіркелген жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

### Сынып жетекшісі: К.Баяхметова

алдында баланың парызы орасан зор. Ананың жүзіне әжім, жанына мұң сыйламай құрметтеу әр баланың арманы. Менің де арманым анамның жүзінен үнемі күлкі көру, анамды еш уайымдатпау. Мен оқушы болғалы анамның мерекесіне ерекше тосынсып жасаймын. Анам қуанып, менің әр жетістігіме тілеулес болып отырады. Мерекелеріңізбен аналар қауымы!

**Бақтұр ТАНЫБЕРГЕН.**

### Құтты болсын мереке!

Құтты болсын әже мерекелен,  
 Қуанышқа бөленші тек қана сен.  
 Көңіліңде бізге деген жылылық бар,  
 Бізді күнде қуанып, нұрын төккен.  
 Құттықтамау қалайша анаға нұр,  
 Ана деген мәпелеп өсірген жыр.  
 Қуанышқа бөлейікші аналарды,  
 Өнге бөлеп,асырып мың белес қыр.

**Сезім ЫСҚАҚ.**